«Жауқазын» бөбекжай бақшасы
меңгерушісі ___________ Уразова М Н
«_08_» _қыркүйек_ 2022ж

«Жауқазын» бөбекжай бақшасы
әдіскері ___________ Шамғанова С О
«_01_» _қыркүйек_ 2022ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022-23 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.
Ересек «Балауса» тобы.

Тәрбиешілер: Амирова А К
Орынбаева Г Ж

2022-2023 оқу жылы

**КМҚК «Жауқазын» бөбекжай бақшасының**
**меңгеруші М.Н.Уразова**

# «Балауса» ересек тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

| Апта күндері | Ұйымдастырылған іс-әрекет үшін аптасына өткізу кезеңділігі | Ұйымдастырылған іс-әрекет * |
|---|---|---|
| **Дүйсенбі** | Дене шынықтыру **<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қазақ тілі ***<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу,<br>Мүсіндеу,<br>Жапсыру<br>Құрастыру,<br>Музыка **** | Дене шынықтыру |
| **Сейсенбі** | Дене шынықтыру **<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қазақ тілі ***<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу,<br>Мүсіндеу,<br>Жапсыру<br>Құрастыру,<br>Музыка **** | Музыка |
| **Сәрсенбі** | Дене шынықтыру **<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қазақ тілі ***<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу,<br>Мүсіндеу,<br>Жапсыру<br>Құрастыру,<br>Музыка | Дене шынықтыру |
| **Бейсенбі** | Дене шынықтыру **<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қазақ тілі ***<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу,<br>Мүсіндеу,<br>Жапсыру<br>Құрастыру,<br>Музыка **** | Қазақ тілі<br><br><br>Музыка |
| **Жұма** | Дене шынықтыру **<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қазақ тілі ***<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу,<br>Мүсіндеу,<br>Жапсыру<br>Құрастыру,<br>Музыка **** | Дене шынықтыру |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ** «Балауса» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі**: 2022-2023 оқу жылы қыркүйек айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| қыркүйек | **Дене шынықтыру** | Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бүгу.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау;<br>**Музыкалық-ырғақтық жаттығулар.**<br>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау.<br>**Спорттық ойын элементтері:**<br>1) кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану.<br>Сөздік қор.<br>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту.<br>Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру байланыстырып сөйлеу;<br>Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді,сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;<br>Әр түрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру;<br>Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен бірге қолдану. |
| | **Көркем әдебиет** | Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Мәнерлеп оқу. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету.<br>Мазмұндау. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйкілілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. |
| | **Қазақ тілі** | Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Сөйлеу және артикуляциялық аппараты,сөйлеуді тыныс алу, анық дикция дағдыларын жетілдіру. Сөздік қор. Айналасындағы заттар, жануарлар, құстар, көкөністер менжемістер, жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары жөнінде білімдерін кеңейту. Орыс тілінде 5-ке дейін тура жіне кері санауға үйрету. |

| | |
|---|---|
| | Заттардың кейбір қасиеттерін, түсін, пішінін, белгілерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсінуді және қолдана білуді қалыптастыру. |
| **Математика негіздері** | Жиын:<br>1) әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;<br>2) 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша жіне аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астына бірі 1 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету. Тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>3) Балаларды геометриялық пішіндерді (Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді танып, атай білуге үйрету.<br>4) Таңертең, күндіз, кеш, т.н тәулік бөліктерін ажырату жіне атай білу дағдыларын қалыптастыру. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Бала, оның отбасы, үйі:<br>1) баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету;<br>2) балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. |
| **Құрастыру** | Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту. |
| **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. |
| **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:<br>- түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу. -түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойнша көлемін; заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектері иілгенге дейін сығымдау. |
| **Жапсыру** | Заттық жапсыру:<br>1) қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. -текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы српақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануға үйрету.<br>2) -дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту. |
| Музыка | Музыка тыңдау.<br>1) әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту;<br>Ән айту.<br>-әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>-би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;<br>Билер. Ойындар, хороводтар. |

| | |
|---|---|
| | Заттардың кейбір қасиеттерін, түсін, пішінін, белгілерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсінуді және қолдана білуді қалыптастыру. |
| **Математика негіздері** | Жиын:<br>1) әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;<br>2) 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша жіне аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астына бірі 1 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету. Тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>3) Балаларды геометриялық пішіндерді (Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді танып, атай білуге үйрету.<br>4) Таңертең, күндіз, кеш, т.н тәулік бөліктерін ажырату жіне атай білу дағдыларын қалыптастыру. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Бала, оның отбасы, үйі:<br>1) баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету;<br>2) балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. |
| **Құрастыру** | Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту. |
| **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. |
| **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:<br>- түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу. -түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойнша көлемін; заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектері иілгенге дейін сығымдау. |
| **Жапсыру** | Заттық жапсыру:<br>1) қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. -текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы српақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануға үйрету.<br>2) -дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту. |
| Музыка | Музыка тыңдау.<br>1) әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту;<br>Ән айту.<br>-әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>-би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;<br>Билер. Ойындар, хороводтар. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ** «Балауса» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі**: 2022-2023 оқу жылы қазан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бүгу.<br>**Негізгі қимылдар:**Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға жәпне солға) , сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың,гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру.<br>Қимылды ойындар.Қимылды ойындарға қызығушылығын дамыту. Таныс ойындарды |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту, ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру. Сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. |
| | **Көркем әдебиет** | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып,оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | **Қазақ тілі** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуге тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. |
| | **Математика негіздері** | 5) Сан, санау. 5-ке дейін реттік санау дағдыларн дамыту, ретік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Заттық әлем. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып; атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.<br>Еңбекке баулу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. |

Бекітілді:
«Жауқазын» бөбекжай бақшасы
Меңгерушісі ____________ Уразова.М.Н
«01» ________ 2022 ж

Келісілді:
«Жауқазын» бөбекжай бақшасы
әдіскері ____________ Шамганова С.О
«01» қараша ________ 2022 ж

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

## Ересек «Балауса» тобы.

**Тәрбиешілер:** Амирова.А
Орынбаева.Г

**Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Жауқазын» бөбекжай бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы.**

**Түсінік хат.**

Мектепке дейінгі тәрбиелеу –білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес іске асырылды. (ҚР БҒМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы)

Ұйымдастырылған іс- әрекет «Мектепке  дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан жақты дамыту мына бағыттар бойынша физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту, әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Тәрбиелеу білім беру процесі:

-Перспективалық жоспарға,

-Циклограммаға,

-Бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгертулер енгізілуіне байланысты ҚР БҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 қосымшалары ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыруға қолданылады.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып оқу жылының басында жасақталады ересек топ-4 жастағы балалар.

## Ересек тобы
## 4-5 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары 2022-2023 оқу жылы

| № | Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі | Аптадағы нормативтік жүктеме | Аптадағы өткізу жиілігі | Айлық сағат саны | Оқу жылындағы сағат саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | 3 | | 12 | 108 |
| | Дене шынықтыру ** | | күн сайн | - | - |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | | күн сайн | - | - |
| | Қазақ тілі | 1 | | 4 | 36 |
| | Қазақ тілі *** | | күн сайн | - | - |
| 3 | Математика негіздері | | күн сайн | - | - |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | | күн сайн | - | - |
| 5 | Сурет салу<br>Мүсіндеу<br>Аппликация<br>Құрастыру | | күн сайн | - | - |
| 6 | Музыка | 2 | | 8 | 72 |
| | Музыка **** | | күн сайн | - | - |
| 7 | Арнайы түзетіші іс-әрекет ***** | | күн сайн | - | - |
| | **Барлығы:** | **20 сағат** | **-** | **24** | **216** |

**Ескерту:**

*** Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.**

**** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.**

*****Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.**

******Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.**

******* Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.**

**КМҚК «Жауқазын» бөбекжай бақшасының**
**меңгеруші М.Н.Уразова**

# «Балауса» ересек тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

| Апта күндері | Ұйымдастырылған іс-әрекет үшін аптасына өткізу кезеңділігі | Ұйымдастырылған іс-әрекет |
|---|---|---|
| Дүйсенбі | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қазақ тілі<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу,<br>Мүсіндеу,<br>Жапсыру<br>Құрастыру,<br>Музыка | Дене шынықтыру |
| Сейсенбі | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қазақ тілі<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу,<br>Мүсіндеу,<br>Жапсыру<br>Құрастыру,<br>Музыка | Музыка |
| Сәрсенбі | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қазақ тілі<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу,<br>Мүсіндеу,<br>Жапсыру<br>Құрастыру,<br>Музыка | Дене<br>шынықтыру |
| Бейсенбі | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қазақ тілі<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу,<br>Мүсіндеу,<br>Жапсыру<br>Құрастыру,<br>Музыка | Қазақ тілі<br><br>Музыка |
| Жұма | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қазақ тілі<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу,<br>Мүсіндеу,<br>Жапсыру<br>Құрастыру,<br>Музыка | Дене шынықтыру |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Балауса» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4- жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету)

2022-2023 оқу жылы қараша айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| қараша | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен) төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдары төмен түсіру; Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашып қолдың білектерін айналдыру.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты) оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (влшақ), алға еңкею саусақтарын ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру.<br>**Аяққа арналған жаттығулар.**<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдыңғы өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен қырымен жүру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | Коммуникативтік дағдылар Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>Сөздік қор.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. |
| | Көркем әдебиет | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру. |
| | Қазақ тілі | Сөздік қор.<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстардың, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. |
| | Танымдық дағдылар Математика негіздері | Сан, санау<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. |
| | Әлеуметтік дағдылар Қоршаған ортамен таныстыру | Заттық әлем.<br>Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.<br>Еңбекке баулу.<br>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою.<br>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. |
| | Шығармашылық дағдылар Құрастыру | Құрылыс материалдарынан құрастыру<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді |

| | | |
|---|---|---|
| | | бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |
| | Сурет салу | Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. |
| | Мүсіндеу | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. |
| | Жапсыру | Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. |
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>Ән айту.<br>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған**

**іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Балауса» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4-жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету)

2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| желтоқсан | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Белге қою, кеуде тұсына қою, қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Қолына зат ұстап шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып және етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>**Аяққа арналған жаттығулар.**<br>Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелерімен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Еңбектеу, өрмелеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Сөздік қор.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. |
| | Көркем әдебиет | Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| | Қазақ тілі | Сөздік қор.<br>Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету.Өзінің отбасы,отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру.Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. |
| | Танымдық дағдылар Математика негіздері | Шама<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру. |
| | Әлеуметтік дағдылар Қоршаған ортамен таныстыру | Заттық әлем.<br>Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.<br>Еңбекке баулу.<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б.<br>Менің Отаным – Қазақстан<br>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. |
| | Шығармашылық дағдылар Құрастыру | Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей |

| | | |
|---|---|---|
| | | бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. |
| | Сурет салу | Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | Мүсіндеу | Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.<br>Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |
| | Жапсыру | Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. |
| | Музыка | Музыкалық-ырғақты қимылдар<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.<br>Билер<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған**

**іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Балауса» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4-жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету)

2023 оқу жылы қаңтар айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| қаңтар | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашып қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, көтеру және түсіру.<br>**Аяққа арналған жаттығулар.**<br>Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек кезек көтеру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру;<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру<br>«Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Сөздік қор.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) байланыстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Көркем әдебиет | Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға үйрету. |
| | Қазақ тілі | Сөздік қор.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. |
| | Танымдық дағдылар Математика негіздері | Шама<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. |
| | Әлеуметтік дағдылар Қоршаған ортамен таныстыру | Еңбекке баулу.<br>Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>Жолда жүру ережелері<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | Шығармашылық дағдылар Құрастыру | Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. |
| | Сурет салу | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. |
| | Мүсіндеу | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, |

| | | |
|---|---|---|
| | | үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |
| | Жапсыру | Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. |
| | Музыка | Музыкалық-ырғақты қимылдар<br>Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.<br>Билер<br>Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Балауса» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4-жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету)

2023 оқу жылы ақпан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| ақпан | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен) төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдары төмен түсіру; Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашып қолдың білектерін айналдыру.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты) оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (влшақ), алға еңкею саусақтарын ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру.<br>**Аяққа арналған жаттығулар.**<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдыңғы өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен қырымен жүру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет);<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Шанамен жүру. Шанамен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен бір бірінің артынан жүріп, тарту.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының |

| | | |
|---|---|---|
| | | пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Сөздік қор.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиhаз),заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. |
| | Қазақ тілі | Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға,кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.<br>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. |
| | Көркем әдебиет | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | Танымдық дағдылар<br>Математика негіздері | Геометриялық фигуралар<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). |
| | Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Еңбекке баулу.<br>Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Жолда жүру ережелері<br>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау және т.б.) өзін дұрыс ұстауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Менің Отаным – Қазақстан<br>Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. |
| | Шығармашылық дағдылар<br>Құрастыру | Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. |
| | Сурет салу | Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | Мүсіндеу | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |
| | Жапсыру | Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |
| | Музыка | Музыкалық-ырғақты қимылдар<br>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Билер<br>Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Балауса» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4- жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету)

2023 оқу жылы наурыз айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| наурыз | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру<br>Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>адымдап жүру<br>адымдап жүгіру жүргіру<br>етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу;<br>бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру;<br>заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес),<br>тақтайдың бойымен тепе-теңдікті сақтап бойымен жүру<br>бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). |
| | Қазақ тілі | Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі |

| | | |
|---|---|---|
| | | бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. |
| | Көркем әдебиет | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| | Танымдық дағдылар<br>Математика негіздері | Кеңістікті бағдарлау<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. |
| | Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман-бақша), гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), бұталар және ағаштар (бақша және орман).<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. |
| | Шығармашылық дағдылар<br>Құрастыру | Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. |
| | Сурет салу | Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер біріздiлігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |

| | | |
|---|---|---|
| | Мүсіндеу | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |
| | Жапсыру | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Музыка | Балалар музыкалық аспаптарында ойнау<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.<br>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>Билер<br>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Балауса» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4- жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету)

2023 оқу жылы сәуір айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| сәуір | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулары**<br>**Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен) төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдары төмен түсіру; Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашып қолдың білектерін айналдыру.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>**Аяққа арналған жаттығулар**<br>Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды |

| | | |
|---|---|---|
| | | пайдалана білуді бекіту.<br>Қимылды ойындар<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Байланыстырып сөйлеу<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| | Қазақ тілі | Байланыстырып сөйлеу.<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы,лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсйнуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруіа, еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | Танымдық дағдылар<br>Математика негіздері | Уақытты бағдарлау<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |

| | | |
|---|---|---|
| | Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Жануарлар әлемі<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектер, қоңыздар, кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюінсалыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. |
| | Шығармашылық дағдылар<br>Құрастыру | Қағаздан құрастыру<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | Сурет салу | Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | Мүсіндеу | Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. |
| | Жапсыру | Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка | Музыкалық-ырғақты қимылдар<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.<br>Билер<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Балауса» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4- жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету)

2023 оқу жылы мамыр айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| мамыр | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашып қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, көтеру және түсіру.<br>**Аяққа арналған жаттығулар.**<br>Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек кезек көтеру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру;<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Байланыстырып сөйлеу<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, |

| | | |
|---|---|---|
| | | шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.<br>Өткенді қайталау. |
| | Көркем әдебиет | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөніл-салмақты) ынталандыру. |
| | Қазақ тілі | Байланыстырып сөйлеу.<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп,суреттер бойыншаәңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | Танымдық дағдылар<br>Математика негіздері | Геометриялық фигуралар<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Кеңістікті бағдарлау<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.<br>Уақытты бағдарлау<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Өткенді қайталау. |
| | Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Менің Отаным – Қазақстан<br>Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.<br>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің |

| | | |
|---|---|---|
| | | суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін сақтау.<br>Өткенді қайталау. |
| | Шығармашылық дағдылар<br>Құрастыру | Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.<br>Өткенді қайталау. |
| | Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>Өткенді қайталау. |
| | Мүсіндеу | Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Өткенді қайталау. |
| | Жапсыру | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.<br>Өткенді қайталау. |
| | Музыка | Ән айту<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс |

| | | |
|---|---|---|
| | | алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.<br>Билер<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.<br>Өткенді қайталау. |